

Ш.М.Мұхтарова, С.Н.Мұқанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: sana.mn@mail.ru)

Отбасы үлгісіндегі балалар үйі тәрбиеленушілерінің мәдени-тынығу қызметі арқылы әлеуметтік бейімделуі

Мақалада ғылым және тәжірибедегі отбасы үлгісіндегі балалар үйі тәрбиеленушілерінің мәдени-тынығу қызметі арқылы әлеуметтік бейімделуінің мазмұны мен маңызы қарастырылды. Отбасы үлгісіндегі балалар үйі тәрбиеленушілерінің әлеуметтік бейімделуі үрдісінің талаптары, түрі, әдісі және жаңартылу құралдары қамтылған. Осы тақырыптың теориялық тұсын қарастырған бірқатар ғалымдардың пікірлері баяндалды. Ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу кезінде әлеуметтік-мәдени саланың ең тиімді түрлері анықталды. Мәдени-тынығу жұмысының мазмұны, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің, отбасы үлгісіндегі балалар үйі тәрбиеленушілерінің нақты социум жағдайындағы білім алуы, тәрбиесі, дамуы мен өзін-өзі жетілдіру сұрақтарының мәні ашылды.

Кілт сөздер: отбасы үлгісіндегі балалар үйі, әлеуметтік бейімделуі, мәдени-тынығу қызметі, ата-ана қамқорынсыз қалған балалар, жетім балалар, шығармашылық, мәдени бағдарлама, тәрбие.

Қоғамда, мемлекетте, отбасында туындайтын қайшылықтар күрделі әлеуметтік мәселелердің тууына алып келеді. Әлеуметтік мәселелердің ушығуы мемлекет тарапынан қадағалынып қана қоймай, кәсіби мамандармен ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, шамасынша шешілу жолдары ұсынылады. Күрделі әлеуметтік мәселелердің қоғамда бел алған түрі — ол жетім балалар мен «әлеуметтік жетім» немесе ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар санының шеттен тыс орын алуы. Осыдан 30–40 жыл бұрын әлеуметтік жетім балалардың саны әлдеқайда аз, ал құрамы (ата-ана қамқорынсыз қалуы жағынан шығу тегі) өзінің мәселелік жағынан біршама қарапайым, санаға қонымды болса, қоғамда орын алған сансыз жаңа ағымдар, шығу тегі жағынан күрделі жаһанды мәселелердің, оның ішінде әлеуметтік мәселелердің тууына себеп болып отыр. Сондай-ақ жаһанды жаңалықтар, технологиялық, инновациялық және т.б. дамушылық салдары да жас буынның жаңа немесе әр түрлі ықпалдар синтезінде жаңаруына, жаңару арқылы жаңа психологиялық мінез-құлықтардың орын алуына түрткі болып отыр. Осыған байланысты бұрын-соңды жазылған зерттеулерге арқау болған әлеуметтік мәселелер, уақыт динамикасында ескіріп, жаңа әлеуметтік мәселелермен ауыстырылып, шығу тегі жағынан күрделеніп, жаңа ғылыми зерттеулердің жүргізілуіне, әрі жаңа әлеуметтік институттардың құрылуына, оларды жаңа мамандармен қамтамасыз етуге сұраныс тудырып отыр. Жаңа қоғам әлеуметтік-тәрбие қызметіне бағытталған әлеуметтік қызметкерлерге, педагог-референттерге, әлеуметтік педагогтарға және т.б. сұраныс білдіріп отыр. Сұраныс аталған маман иелерінің заманауи талаптарға сәйкес біліктілігін талап етеді, соның ішінде отбасы үлгісіндегі балалар үйінде орналасқан жасөспірімдермен айналысатын әлеуметтік педагогқа қойылатын талаптар ғылыми тұрғыдан әбден шындалған әрі үздіксіз жаңару мен жақсартылуы жағынан тоқтаусыз шындалуы маңызды. Сондықтан аталмыш тақырып Қазақстан Республикасы шеңберінде жоғары оқу орындарында, әлеуметтік факультеттерде бар әлеуметтік педагог-мамандарын дайындау, оқыту аясында жан-жақты, әр түрлі бағыттарда оқытылуы, зерттелуі аса маңызды. ҚР отбасы үлгісіндегі балалар үйі және ондағы әлеуметтік педагогтың мәдени-тынығу қызметі ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен типтік бағдарлама түрінде ұсынылған. Бұйрықта мекеменің қызметтік тәртібі мен әлеуметтік педагогтың балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру бағдарламасы және т.б. егжей-тегжейлі қарастырылған [1].

Осы тақырыптың теориялық тұсын қарастырған Г.Спенсер, К.Бюлер, К.Гросс, Ф.Бейдендейк, М.Лацарус, С.Л.Рубинштейн және басқаларының жұмысын басшылыққа алды.

Мәдени-тынығу жұмысын тәрбие және оқытудың құралы ретінде қолдану негізінде қарастыру бірнеше педагог-психологтардың: Я.Коменский, А.И.Сикорский, Н.Д.Ушинский, Д.А.Колоц, Ж.Пиже, В.Г.Марц, А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, С.А.Шмакова және басқалардың жұмыстарымен танысуға мүмкіндік берді.

Мәдени-тынығу қызметі іс-әрекетінің технологияларын зерттеуде К.С.Станиславский, Э.Берн, М.И.Кнебель, Д.Карнеги, Р.Бендлер және Дж. Гриндер жұмыстары ерекше орын алды, сонымен қатар қазіргі заманғы жаңашыл педагогтар Ш.Амоношвили, В.Ильин, В.Ф.Шатолов және басқаларының әдістемелері енді.

Осы тақырып аясында түрлі аспектілерін зерттеуде бағытталған қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер ішінде Д.Б.Богоявленский, А.П.Ершов, Л.М.Иванов, А.И.Ткаченко, Е.А.Тупичкин, Г.И.Кашаева жұмыстарын қарастыруға болады.

Мәдени-тынығу қызметінің мүмкіндіктеріне, тұлғааралық қарым-қатынасты шығармашылық үрдіс ретінде қарауда М.С.Каган, И.С.Кон, В.Леви, Г.Л.Лэндрет еңбектеріне ерекше орын беріледі.

Бұл тақырып әлеуметтік-мәдени іс-әрекет аумағындағы Б.С.Сейфуллаев, М.С.Лисин, Л.И.Новикова, Л.Н.Лазарев, В.Д.Пономарев, Е.С.Протански және тағы басқалардың диссертациялық зерттеу жұмыстарында қарастырылды.

Ата-ана қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған әр түрлі мекемелердің жұмыстарының сараптамасы көрсеткендей, тәрбиеленушілердің басым көпшілігі — бұл маскүнемдік пен нашақорлыққа салынып, қоғамға қарсы іс-әрекеттері мен бас-бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген ата-аналардың тастанды балалары. Тәрбиеленушілерге педагогикалық басқарусыздық, эмоционалды және мәдени тоқырау, зияткерлік дамудың, азаматтық және ақыл-ой жауапкершілігінің төмен деңгейі, әлеуметтік тәжірибенің жоктығы тән.

Ережеге сай, жетім балалар тұрып жатқан мекемелер жабық әрі қатаң өмір сүру тәртіптерімен ерекшеленеді. Бір жағынан алғанда, бұл — мәжбүрлі шара, өйткені ол балалардың қандай ортадан шыққанын ұмытпау керек. Екінші жағынан — мәселе балалардың өзінде. Тәрбиеде өздеріне деген махаббаттың, үлкенге деген құрметтің жоктығынан, олар өтірікші, тәртіпсіз, мейірімділік пен әділдікке сенбейтін болып өседі. Бұл балаларға тек пайдалы іс пен әрекетті үйретіп қана қоймай, сонымен қатар қоршаған ортаның талаптарына бейімделуде көмек көрсету керек. Бұл талаптарда, негізінен, бейімделу үрдісінің мазмұны, түрі, әдісі және жаңартылу құралдары қамтылады.

Р.В.Тонкова-Ямпольскаяның белгілегеніндей, «талаптардың өзгеруі кезінде тәртіптік әрекеттері де өзгереді, демек, әлеуметтік бейімделу жүреді»... [2]. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, жетім балалардың әлеуметтік бейімделу тиімділігі, мәдени-тәрбиелік ортаның жаңартылуы жолы негізінде, әлеуметтік-мәдени саланың құралдары мен түрі арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің жалпымәдениеттік және шығармашылық деңгейі жоғарылайды; құрдастары мен үлкендермен қарым-қатынас амалдары дамиды; тәрбиеленушілер жаңа достар табады; өздерінің шығармашылық қабілетін, өзіндік іс-әрекетін, белсенділігін қолдануға мүмкіндік беріліп, бастысы жетім балалардың өз бетінше өмір сүруіне дайындық жүреді. Интернат типіндегі мекемелердегі бейімделу үрдісінің заманауи жолдарын анықтау кезінде біздің алдымызда дәл осындай мақсаттар тұрды.

Балаларды көпжоспарлы сыныптан тыс салаға қосу П.Ф.Лесгафттың пікіріне сүйенеді, ол бойынша балаға «өзін-өзі табу» мүмкіндігін беру керек, ал ол үшін саланың көп түрлі тетіктерінен өзіне қызықты әрі жақын біреуін кең түрде таңдап алу жағдайын жасау. Осыған арқа сүйей отырып, балаға өзіне лайықты біреуін таңдап алуы үшін әр түрлі өнердің бүкіл бояуын ашып көрсету керек. Таңдау кезінде оны ұялтпау, сонымен қатар оған түсіндіру және талаптарға жүгінген кезде бетін қайтармауға тиіс [3].

Біз тәрбиеленушілер үшін мынадай жағдайларды үлгі етуіміз керек, балаға көптеген қызықты істердің бар екеніне сендіру, оған өзі қатыса алатынын және өзі қала алатынын айту, сыныптағы ұжымды оның жайлы болуы сабақ үлгерімінің табыстылығынан ғана емес, сонымен қатар үлкендердің оның оқуына қарым-қатынасы және өзінің белсенділігі, басқа салада өзін көрсете білуімен байланысты.

В.А.Сухомлинскийдің пікірінше, «кішкентай адамның жан дүниесін ғылыммен байланыстыруға болмайды... Ол тек мектеп оқушысы ғана емес, ең алдымен көпжақты қызығушылығы, сұрағы, алға ұмтылушылығы бар адам» [4; 15]. Әлеуметтік-мәдени саланың негізгі міндеттері — мәдени-рухани тұтынушылықтың өсуін қанағаттандыру үшін жағдай жасау және тәртіптің себебін қалыптастыру, балалардың ұйымдастырушылық шығармашылық қабілеттерін дамыту, әсіресе жалпылық іс-шараларға дайындық кезеңінде, өйткені іс-қимылдарды ұқсата білу үрдісі жеке адамның дарынын дамытуға ықпалдасады [5; 72]. Сонымен бірге бұл әр түрлі әлеуметтік-мәдени бағдарламалардың мақсатын түсіну және ұғыну, бүкіл салалардың түрлерін бір шығармашылық үрдіске қосу үшін, ойластырылған кезінде балалар үйінің тәрбиеленушілерімен бірге жоспарлануы шарт.

Эксперименталдық жұмыс көрсеткендей, шығармашылық және тәрбие үрдістері үзілместей байланысты, өйткені тәрбиелеуші-ұстаз бен балалар өзара араласып, бір-бірін толықтырып отырады.

Жетім балаларды әлеуметтік бейімдеу кезінде әлеуметтік-мәдени саланың ең тиімді түрлері — жалпылай, отбасылық, достық байланыстарын нығайтады, бүкіл балаларды балалар үйінің деңгейінде біріктіреді, бір-біріне деген қарым-қатынасты қалыптастырады. Бұл спорттық мерекелер болуы мүмкін: «Ағам, әпкем және мен — тату, спорттық отбасы». Отбасылық мереке: «Туған күн», «Біздің отбасындағы отырыстарда», «Өз үйімізді өзім безендіремін», «Отбасылық музыкалық сандықша», «Талант отбасында туылады», «Отбасылық қуыршақ театры». Әлеуметтік-мәдени саланың мұндай түрлері, балалардың бос уақытын өткізудің сан түрлі қырларымен таныстырып, тәрбиеленушілер арасындағы әлеуметтік-мәдени байланысты нығайтып, олардың танымдық, шығармашылық, эстетикалық белсенділігін дамытуын жүзеге асыруы кезіндегі балаларды балалар үйінің деңгейінде ғана емес, сонымен бірге жасанды құрылған отбасындағы отбасылық дәстүрге үйретудің шынайы мүмкіндіктерін құрады. Бұл түрлердің негізінде салтанатты, патетикалық тақырып, көз алдындағы кеңістік пен уақыт сатысындағы іс-әрекет қатысады [4]. Бұл түрге қатысты ұжымдық эмоционалдық әрекет, ұжымдық тәрбиелілік күш-қуатты арнайы бағыттау арқылы үлкен заряд береді [5]. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени саланың мұндай түрлері тәрбиеленушілердегі мейірімділік, түсіністік, үлкенге құрмет көрсету, ұқыптылық, жауапкершілік, жақын адамға көмектесу қасиеттерін тәрбиелеуді қалыптастырады және де балалар үйінің тәрбиеленушілерін өз бетімен өмір сүруге және әрекет етуге дайындайды.

Балалар үйіндегі әрбір бала, өзінің өміріндегі негізгі оқиғаларға мұғалімдер мен тәрбиеленушілердің бақылауын сезінуі керек. Егер бұл туған күн болса — ол тек жекелей ғана тойланады, өйткені бала өзін елеп-ескеріп жатқанын түсінуі керек. Туған күн — нақты бір баланың мерекесі және оған бәрі дайындалады: аспазшылар туған күндік тоқаш пісірсе, балалар сыйлықтар беретінін ұстаздар ұжымына түсіну, ұғыну өте маңызды. Аз ғана уақыт өткен соң, балалар өздері де мерекелік тоқаш пісіре алатын болады. Жекелей көзқарастағы көптеген кішкентай белгілер құрастыруға болады: таңертең ояғанда жастығының астынан тауып алатын сыйлық, үстелдегі гүл, сүйікті тағам және т.б.

Туған күннен басқа, тәрбиеленушілердің өміріндегі өзге де оқиғаларды атап өткен жөн — мектептегі алғашқы күн, оқудағы жетістік, оқу жылының аяқталуы, шығармашылық ұжымдағы жұмысқа қатысу, концертте өнер көрсету және басқалары. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар мұның бәрін өз отбасыларында көрмеген, бірақ олар жақсы нәрсеге жылдам бой үйретеді және балалар үйіндегі тәрбие үлгілері мен отбасылық дәстүрді үйреніп, соның артынан жүреді.

Бала өзінің тағдырының бәрін қызықтыратынын біледі, ол үлкендердің және құрдастарының көз алдында болады. Бұл, сөзсіз, баланың өзі тұрып жатқан балалар үйіне деген сенімін нығайтып, бейімделу үрдісіне жақсы серпін береді.

Сонымен бірге бос уақытты тиімді өткізудің жалпылай түрлерінің дайындығы үрдісі кезінде жетім балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасалады. Мысалы, «Өз үйімді өзім безендіремін» байқауына дайындық уақытында балалар сурет салуды, мүсіндеуді, конструкторлау мен үлгілеу элементтерімен танысып үйренеді. Сонымен, бөлек балалардың өнердің қолжетімді және түсінікті заттардың тәсілдерін меңгеруі маңызды шарттардың бірі болып табылады. Суретке ең алдымен заттық-іс-тәжірибелік салалар: бақылаулар, ойындар, экскурсиялар негіз болады. Балалар табиғаттың бояуларын көріп үйренеді және оларды өздерінің суреттеріне салады. Содан кейін балалардың салған суреттерімен көрме ұйымдастыруға болады. Мұндай шешім олардың бейімделуіне жақсы жағдай туғызады. Мысалы, музыкалық-танымды «Отбасылық музыкалық сандықша» бағдарламасы жетім балалардың музыкаға деген қызығушылығын дамытуды қолға алып, оларды музыкалық аспаптарда ойнауға үйретіп, жаңа салада өзін көрсетуге мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілердің бейімделу үрдісінде ең маңызды рөлді мәдени-сауықтыру саласының топтық түрлері ойнауы керек. Топтық әдістеменің ең басты ерекшелігі — балаларды жақындататын және оларға жақсы көңіл-күй жасайтын атмосфера құру. Сауықтыруды ұйымдастыру формасы өзіндік ұжымдар мен бірлескен іс-әрекеттерінің тәрбиелілік үрдісінің заңдылықтарын зерттеуді ұсынады. Үлкен тәрбиелілік әлеует бүкіл жиналғандарды эмоционалдық әрекетпен, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың болуымен, ұзақ уақыт бойы бір іске қатысуымен қамтылған мүмкіндіктермен түсіндіріледі.

Мұның бәрі жүйелік, реттік және белсенді педагогикалық, технологиялық үрдісті, қатысушылардың барлық салаларын біріктірудегі мақсатты орналастыру спецификасын

ұйымдастыруды көздейді. Осы орналастыруды жүргізу негізінде себебі мен баланың қызығушылығын қалыптастыруға болады. Мұның бәрі шығармашылық қабілеттерді, жекелей қарым-қатынасты кеңейту және аз топтардың қатынасын дамытуға бағытталуы керек, өйткені ол балалардың бір-бірімен және үлкендермен (үйірме жетекшілерімен) өзара іс-әрекеттеріне жағымды әсер етеді.

Заттай-шығармашылық және әлеуметтік бағдарламалардың синтезінің болуы ұстаздың сабақ жүргізу үрдісіндегі жат қылықтарының болғанын көрсетеді. Бұл жағдайда ұстаз баланың алдында өзінің адами қасиеттері арқылы ашылады: мінез-құлығы, темпераменті, әзіл-қалжыңы, өзіндік фантазиясы, жан ашушылық көзқарас және т.б. Бұл кезде бірігіп әрекет ету, бірге атқару, ойын саласындағы тең құқықтық арқылы бала мен ұстаз арасындағы шығармашылық байланыс қағидасы жұмыс жасай бастайды.

Қызықты іске бел шеше кіріскен бала мынаны байқайды, өзінің «Мен» дегені тек басқа «Мендермен» біріккен кезде ғана терең қанағаттанарлық сезімін ала алады. Бала — ерекше, өзінің дарындылығымен қайталанбайтын дара тұлға, сондықтан мәдени-әлеуметтік іс-шараларды ұйымдастырған кезде осыны мұқият есте сақтау керек. Балаға өзіне лайықты, өзінің темпераменті мен интеллектуалдық ерекшеліктеріне, жеке қызығушылығына сәйкес салалардың түрін ұсыну керек.

В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық қызметінің теориясы мен практикасында баланың тұлғасын қалыптастырудағы шығармашылық саланың әсері көптеп көрсетілген: «Әркімге моральдық қолдау қажет, әсіресе өзін көпшіліктің бірі деп сезінетін адамдарға...» [4].

Әлеуметтік-мәдени сала өзінің терең тұлғалық бағыттылығымен ерекшеленеді, өйткені өзінде жеке тұлғалықтың иірімдерін көрсетеді [6]. Сондықтан ойластырылып қойылған мақсат қана адам әрекет ететін саладағы қозғалысқа әкеледі.

Сөзсіз, бұл жерде ерекше рөл ұйымдастырушыға, мәдени-сауықтыру шарасының ұстазына тиесілі. Ол бұл үрдісті бағыттауға, басқаруға, өзін көрсете білу үшін әр түрлі формалар табуға көмектесуі тиіс [7].

Бейімдеу үрдісіндегі сауықтыру ұстазының табысты әрекет етуі көп жағдайда өзінің құрамды, ерекшеліктерді, жүйелік саланың спецификасын іс-тәжірибеде қолдана алуымен байланысты: бұл педагогиканы білу, психологияны білу, отбасылық тәрбие, халықтық және әлеуметтік педагогика мен психология. Ұстаз өзінің жанашырлығы, саналығы арқылы тәрбиелейді.

Осылайша, ұстаздың балалар үйінің тәрбиеленушілерімен ынтымақтастығы мен өзара әрекет етуі — отбасылық типтегі балалар үйіндегі балалардың бейімделу үрдісіндегі тиімділікті көтерудің жолдарының бірі.

Балалар үйіндегі отбасылық дәстүрдің дамуы мен сақталуы жетім балалардың бейімделу үрдісінің шарты болып табылады, сондықтан сауықтыру ұстазы, сөзсіз, ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды мәдени-шығармашылық, рекрециялық-сауықтыру саласына қосу үшін жағдай жасау керек.

Осы мақсатта отбасылық дәстүрді дамытып, қолға алатын мәдени-сауықтыру бағдарламаларын жасауға, әр отбасындағы және балалар үйінің деңгейіндегі отбасылық дәстүрді дамыту үшін жұмыстарды жоспарлауға болады.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, балалар үйінің тәрбиеленушілері бірігіп жұмыс жасауға онша талпынбайды. Олар бақылай алады, бірақ өздерінің көзқарастарын білдірмейді, өйткені олар өздерін жалықтырып жіберетін ақпаратқа мән бермей басқа нәрсеге зейінін бұрады. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, балалар үйіндегі тәрбиеленушілер үлкендермен өз бетінше қарым-қатынас жасауға ұмтылады. Олар ашық және үлкендерден қамқорлықты, демеуді қажет етеді. Бұл ерекшелік, егер дұрыс ұйымдастырылса, бейімделу үрдісінің тиімділігін арттыруға кепіл бола алады. Балалардың қажеттілігі негізінде, бірлесе жұмыс істеуге қажеттілігін құруға болады, педагогикалық өзара әрекеттестік жүйесін құру; бала ұстазға толық құқылы әріптес ретінде қарым-қатынас жасайды, жұмылып жасалған әрекет диалог арқылы сенімділік, ортақ шығармашылық, балаға өзін көрсетуіне үлкен мүмкіндіктер береді, өзінің білімділігінің жаңа қырларын ашады. Баланы қанша адам қоршап жүргені онша маңызды емес, маңыздысы — балаға қанша махаббат, қамқорлық, көзқарас көрсетілгенінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы 2000 ж. 13 желтоқсандағы № 113-II Қазақстан Республикасының Заңы (07.03.2013 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 2 *Тонкова-Ямпольская Р.В.* Оздоровительная и воспитательная работа в доме ребенка // Книга для работников дома ребенка. — М.: Просвещение, 1989. — С. 63.
- 3 *Лесгафт П.Ф.* Семейное воспитание ребенка и его значение. — М.: Педагогика, 1991. — С. 105.
- 4 *Сухомлинский В.А.* О воспитании. — М.: Политиздат, 1975. — 272 с.
- 5 *Жарков А.Д., Чижиков В.М.* Культурно-досуговая деятельность. — М.: МГУК, 1988. — 461 с.
- 6 *Киселева Т.Г., Красильников Ю.Д., Стрельцов Ю.А.* Социально-культурная деятельность: Основные тенденции развития // Актуальные проблемы социально-культурной деятельности: Сб. ст. — М.: МГУК, 1995. — С. 5.
- 7 *Стрельцов Ю.А.* Социальная педагогика: Учеб. пособие. — М.: МГУК, 1998. — С. 75.

Ш.М.Мухтарова, С.Н.Муқанова

Социальная адаптация воспитанников детских домов семейного типа через культурно-досуговую деятельность

В статье рассмотрены сущность и содержание социальной адаптации воспитанников детских домов семейного типа через культурно-досуговую деятельность в науке и практике. Выявлен ряд принципов, видов, методов и средств совершенствования адаптационного процесса воспитанников детских домов семейного типа. Изложены мнения ученых, которые рассматривали теоретические стороны данной темы. Определены самые эффективные виды культурно-досуговой деятельности в процессе адаптации детей, оставшихся без попечения родителей. Раскрыта сущность культурно-досуговой работы, а также показаны вопросы обучения, воспитания, развития и самосовершенствования детей и подростков — воспитанников детских домов семейного типа в условиях конкретного социума.

Sh.M.Muhtarova, S.N.Mukanova

Social adaptation of pupils of children's homes of family type through cultural and leisure activities

The article considers the essence and content of social adaptation of pupils of Children's homes of family type through cultural and leisure activities in science and practice. Reveals a number of principles, types, methods and means of improving the process of adaptation of pupils of children's homes of family type. In the article views of scientists, who considered the theoretical side of the topic. Definesthe the most effective types of cultural leisure activities in the process of adaptation of children, left without parental care. Reveals the essence of cultural leisure work, as well as the issues of training, education, development and improvement of children and teenagers, pupils of children's homes of family type in the conditions of a particular society.

References

- 1 *Law of the Republic of Kazakhstan of 13 December 2000 № 113-II «children's Villages family-and youth houses»* (with amendments as of 03.07.2013 g)
- 2 *Tonkova-Yampolskaya P.V.* *Health and educational work at the children's home. Book for employees of children's home*, Moscow: Prosveschenie, 1989, p. 63.
- 3 *Lesgaft P.F.* *Family upbringing of the child and its value*, Moscow: Pedagogy, 1991, p. 105.
- 4 *Sukhomlinsky V.A.* *About education*, Moscow: Politizdat, 1975, p. 272.
- 5 *Zharkov A.D., Chizhikov V.M.* *Cultural-leisure activity*, Moscow: MGUK, 1988, p. 461.
- 6 *Kiseleva T.G., Krasilnikov U.D., Streltsov Yu.A.* *Socio-cultural activities: The main trends of development // Urgent problems of socio-cultural activities: Sat. articles*, Moscow: MGUK, 1995, p. 5.
- 7 *Streltsov Yu.A.* *Social pedagogy: educational material*, Moscow: MGUK, 1998, p. 75.